

**«№ 10 «Итлік» жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің психологиялық қызмет бойынша
2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарының жылдық есебі.**

Психологиялық қызметтің мақсаты – орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік–психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісінде қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жердем көрсету;
- тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін тандауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып, қыркүйек айында түзету сыныптарына мінездеме дайындаудан басталды, оқушылар туралы мәлімет жинақталып, арнайы папка арналды. Әлеуметтік бағыт бойынша ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын», жоспар бойынша түзету және дамыту жұмыстары оқу жылы барысында жүргізіледі. Аудандық білім бөліміне өзіміз жайлы мәлімет жазылып тапсырылды. Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету- сабақтарына ата-аналардан рұқсатын алуды 1-11 сынып жетекшілері «Келісім парағын» алып, жинақталды.

Қыркүйек айында. Мектеп қабырғасына қабылданған 1-сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді. «Керн- Ирасек» тесті алынды, нәтижелері орта, жұмыстарды біраз оқушылар адамның суретін салу, 2. Сөздер көшірмесі, 3.Нүктелер көшірмесі қиындықпен орындады. Үйде ата-аналар, мектепте сынып жетекшілер жұмысты жандандыру қажет. Үлгерімі нашар оқушыларды қосымшаға беру керектігі жайлы сынып жетекшілеріне ұсыныстар берілді. «Кел танысайық » тренингі 1-сынып оқушыларымен жүргізілді.

Психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, және ата-аналарға кеңестер, ұсыныстар берілді.

5-сынып оқушыларының бастауыш буынан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. «Менің сыныбым» әдістемесі алынды, нәтижесі бойынша сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне ұсыныстар мен кеңестер берілді. Оқушыларға бесінші сыныпқа бейімделуіне жаттығулар мен ойындар жүргізілді.

5-сынып оқушыларына «Бірінші рет 5-сыныпқа» тренингі жүргізілді.

1-4; 5-7 сынып жетекшілері «Балалар үшін бірігейік!» атты ұрандатылған тақырыпта жиналыс жасалынып, акпараттандырылды.

Аутодеструктивті мінез құлықты оқушылардың жоғарғы қадағалау (тәуекел) топтарын анықтау мақсатында «Бес терек» жобасы бойынша «Кабинеттік тапдау» жүргізілді. Әлеуметтік педагог, медбикелерден, сынып жетекшілерінен мәліметтері алынып жинақталды.

Қазан айында. 5-11 сынып оқушылары арасында «Бестерек» жобасы аясында «Далалық» зерттеу барысында «Өзіңді мақта»/5-сынып, «Менің арманым»/6-сынып, «Менің өмірім»/7-сынып, «Менің айтылмаған сырларым»/8-сынып, «Мен өзгерткім келеді»/9-сынып, «Мен таңдаған өмір»/10-сынып, «Болашаққа хат»/11-сынып оқушыларынан осы тақырыптар бойынша эсселер алынып, қорытынды жасап, анықтамалары жазылды.

5-11 сыныптар арасында жүргізілген диагностика, зерттеу жұмыстарына жалпы оқушы саны 105 болды. Анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл-98 оқушы, сары-7 оқушы қызыл деңгейде жоқ. Балалардың психологиялық ахуалын жақсату мақсатында алдағы уақытта түзету-дамыту жұмыстары жалғасады. Сынып жетекшілері мен ата-аналарына ұсыныстар мен жеке кеңестер берілді.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау. Жүргізілген әдістеме: DASS шкаласы / 8-11 сынып/ HCB – 10 тесті / 5-7 сынып/ диагностикасы толық алынды. Нәтижесі анықтамаға түсірілді.

Жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында «Балалар үшін бірігейік» атты ата-аналарды акпараттандыру жиыны мен тренингі жүргізілді. «Жасөспірімдер мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу» тақырыбында видеоролик көрсетіліп, жалдынамалар, кеңестер берілді. Өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

«Пікірталас жанжал емес»/6-сыныптармен, «Мен өзімді мақтай аламын»/4-сыныптарымен тренинг-жаттығулар жүргізілді.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша 8-11 сынып оқушы қыздарымен «Ерте жүктілік деген не?», «Қызды қырық үйден тыно», «Қыз бала әдебі», «Ерте жүктіліктің салдары» жөнінде баяндамалар оқылып, видеороликтер көрсетілді. Ар-намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын ұстанып, қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды ерекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту. Қыздардың жеке гигиенасы, мектептегі тәртіп, сабаққа қатысуы туралы кеңестер берілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу сауалнамасы жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар арасында ешқандай келенсіздіктің байқалмағандығы анықталды. Оқушылардан сауалнама, үй, адам, ағаш проеक्टивті әдісі алынды. Шыққан оқушылар жоғарғы қадағалау (тәуекел) тобына алынды. «Бес терек» жобасы бойынша жалпы нәтижелер психологиялық қызметтің бірыңғай орталығы базасына жүктелді.

Балалардың психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында мұғалімдерге жалдынамалар, кеңестер берілді. Оқушылармен жеке, топтық түзету, кеңес беру,

кездесу, әңгімелер жүргізіліп, бақылау жасалынды. Қарым-қатынас реттеу мақсатында психологиялық сабақтар жүргізілді.

Пед кеңесте жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында мұғалімдерге «Бес терек» жобасы кеңінен талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Атқарылған жұмыстар бойынша есеп берілді. Мектепте ұстаздар мен оқушылар арасында жақсы қарым-қатынасты арттыру жайында ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Қараша айында Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу яғни, «Бес терек» жобасы аясында 5- сынып оқушыларынан «Өзіңді макта»; 6- сыныптар «Менің армандарым»; 7- сыныптар «Менің өмірім»; 8-сыныптар «Менің айтылмаған сырларым»; 9- сыныптар «Мен өзерткім келеді»; 10- сыныптар «Мен таңдаған өмір»; 11- сыныптар «Болашаққа хат» тақырыптарында эсселер алынды. Эссе жазуға қатысқан оқушылар -513. Оқушылардың өмір сүруге деген көз-қарастары позитивті - 463; нейтралды - 47; негатив - 3;

1-11 сынып оқушылары арасында жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша, «Буллинг пен кибербуллингті болдырмау мен алдын алуда ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқылып, жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

3- сынып оқушыларының арасында «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тренинг-жаттығулары жүргізілді.

7-8 сынып оқушы қыздарына «Менің психологиялық денсаулығым» дәріс, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

11-сынып оқушыларымен «ҰБТ дегеніміз не және оның менің мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында тренинг сабақ өтілді.

Жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша DASS – 7-11 сыныптар арасында НСВ-10 тесті 5-6 сыныптардан алынды. Нәтижесінде шыққан оқушылармен темпераменті анықталып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарынына кеңестер берілді.

Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу, болдырмау бойынша 5-11 сыныптар-дың ербалаларына « Зиянды әдет- қоғамдық дерті» видеоролик көрсетілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушыларға жеке және топтық кеңес беру, жадынама таратылды.

Келес ауданының білім бөлімінен келген 2023жылдың 21 қарашадағы 16-16/8284 санды хатын басшылыққа ала отырып, « Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» акциясы ұйымдастырылып, бұйрық пен іс-шара жасалынып бекітіліп өткізілді.

Жестоксан айында Бастауыш сынып оқушыларымен 2-4 сынып оқушыларының арасында танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) әдістері жүргізілді.

Әкімішіпен « Ұстаздың өзіндік педагогикалық іс-әрекет стилін таңдау»

әдістемесі алынды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 10 сыныптар арасында «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», 8-9 сыныптар арасында «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тренинг-жаттығулар жүргізілді.

Ер балалар мен және қызбалаларының психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу жиналыстары өткізілді.

ҰБТ –ға 11 сынып оқушыларымен «Мамандық тандау» тесті А.Климованың алынды. Пән мұғалімдеріне кеңестер берілді.

Келес аудандық білім бөлімінің 21.12.2023 жылғы № 261-н/к санды хатына сәйкес «Ішкі- үйлесімділік көңіл-күйдің бақышы» тақырыбында психологиялық апталығы жоғарғы деңгейде өткізілді.

Түзету-дамыту сыныптарымен, үйде оқитын оқушыла мен «Шатасқан сызықтар», «Моншак» әдістемесі, «Баспадалақ» әдістері т.б жұмыстары жүргізілуде.

Үйде оқытылатын оқушылармен ай сайын хабар алынып, көңіл-күйіне мән берілуде, отбасындағы қарым-қатынастарына кеңестер берілді.

Тәуекел топтағы оқушылармен жеке кеңестер, түсіндірме жұмыстары мен топтық тренингтер жүргізілді.

Қаңтар айында 1-11 сыныпқа жанадан келген оқушыларға сұраныс бойынша «Темпераментін» анықтау жұмыстары жүргізілді. Кәсіби бағдарға байланысты 9-11 сынып оқушыларынан қай бағытқа бейімділігін анықтау мақсатында кәсіби бағдар бойынша маман Ж. Алимбаева тарапынан сауалнама, тесттер алынды. «Кім болғым келеді?» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары педагог-психологтар тарапынан өткізілді.

6-сынып оқушыларымен «Реніштен арылу» тренингі, 8-сынып оқушыларымен «Ой, сезім, мінез-құлық» тренингтері жүргізілді.

«Баға құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, педагог-психолог мамандарымен бірлесе отырып, жашы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді.

2-4 бастауыш сынып оқушыларынан танымдық процестерін түзету-дамыту жұмыстары мен жаттығулары жүргізілді.

4-9 «А» сыныптарынан «Оқушылардың сенімділіктерін арттыру» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Пән мұғалімдерімен «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» тренингі жүргізілді.

5-сынып оқушыларымен «Менің мектептегі сезімім» тренингі жүргізілді. 11-сынып ҰБТ –ға баратын оқушыларымен психологиялық тренинг сабақтары жүргізіліп, оқушыларға ҰБТ алдында стресстен арылу, қобалжуларын сейілту. Оқушылардың репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары» жайлы 8-11 сынып оқушыларымен жалпы жиналыс жүргізілді. Аталған тақырып аясында денсаулыққа зиян келтіретін іс-әрекеттер мен заттардан бойларын аулақ ұстау жөнінде видеоролик көрсетіліп, топтық және жеке кеңестер берілді.

«Баға құқығы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, емхана психологы мамандарымен бірлескен жалпы ата-аналар жиналысында «Ерте жүктілік» жайлы мәлімет беріліп, алдын алу барысында құнды кеңестер берілді.

Ақпан айында «Өтініш және менің отан деген қарым-қатынасым» тақырыбында 6-11 сыныптар арасында тренинг-жаттығулар жүргізіліп, пайдалы кеңестер берілді.

«Менің құқықтарым» тақырыбында тренинг жаттығулары 9-сыныптар арасында жүргізілді.

«Мейірімділік – әлемді құтқарады» тақырыбында мектепшілік психология апталығы өз деңгейінде өткізілді. Апталық барысында оқушылар мен педагогтармен, ата-аналармен түрлі жаттығулар мен кездесулер Жас мамандармен «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» тренингі жүргізілді,

пайдалы кенестер берілді. Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу жиналысы 7-11 сынып ұлдарымен өтті. Жиналыста «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында баяндама оқылып, пайдалы кенестер берілді.

«Stop bullying: Бәрі сенің қолыңда! 5-9 сынып оқушылары арасында 3 күндік акциясы өткізілді. Жасөспірімдердің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған «Жоғарғы қадағалау тобына», «Мектепшілік есепке алынған» оқушылармен жеке сұхбаттар жүргізіліп, ата-аналарына жеке кенестер берілді. Сұраныс бойынша мұғалімдер мен ата-аналарға, оқушыларға жеке кенестер беріліп, сұхбат жүргізілді.

Наурыз айында 04.03-19.03.2024ж Жасөспірімнің психикалық саулығын анықтау мақсатында DASS шкаласы 7-11 сыныптар арасында алынды, нәтижесі шығарылып анықтама жазылды. НСВ-10 тесті 5-6 сынып оқушыларынан алынды.

04.03.2024ж «Емтихан кезіндегі стрестен қалай арыламыз?» 1 сыныптар арасында тренинг өткізілді.

04.03-07.03.2024ж «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, ерте жүктілікті болдырмау» сынып жетекшілер мен ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы сыныптар арасында болып өтті. Жиналысқа қатысқан ата-аналармен тренингтер жүргізілді.

05.03.2024ж «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» Мини-лекциясы «Жыныстық өмір деген не және ерте жүктіліктің алдын алу». «Қыздарға арналған 40 кеңес» тақырыптарында 8-11 сынып қыздары арасында жиналысы, медбикелердің, қыздар жиналысының төрайымының және педагог-психологтардың бастамасымен өткізілді. Жарыссөзге қыздар шығып өз ойларын айтты.

12.03.2024ж «Мектептегі көңіл-күй» тақырыбында 1-сынып оқушыларымен психологиялық ойын-жаттығулар жүргізілді.

18-19.03.2024ж «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында тренинг 5-сынып оқушыларымен өз деңгейінде өтілді. Оқушылардың көңіл-күй көтеріліп қуанып қалды.

18.03.2024ж «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, ерте жүктілікті болдырмау» сынып жетекшілер мен ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы болып өтті. Ата-аналарға топтық және жеке кенестер берілді.

Үйде оқытылатын оқушылардан ай сайын барып хабар алып, мектеп әкімшілігі тарапынан оқу-құралдары, заттар сыйлық берілді.

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбаттар жүргізу, «Жоғарғы қадағалау тобына», «Мектепшілік есепке» алынған оқушылармен сұхбат, жеке кеңес жүргізіп, ата-аналарымен жеке кеңестер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сәуір – Мамыр айларында 01-02.04.2024ж «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында 10 сынып оқушыларымен тренинг-жаттығулары өтілді. 1. «Атасы тұрып, ұлы сөйлегеннен бөз, Анасы тұрып, қызы сөйлегеннен бөз.»

2. «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» ұлдар жиналысы өтті.

04.04.2024ж күні «Ақылды қыз білімге жүгірер, ақылсыз қыз сөзге ініер» тақырыбында дебатты 8-11 сынып қыздары арасында дебат клубының төрағасы Байбахова Фарида апай жүргізді.

05.04.2024ж күні 11 сынып оқушыларын ҰБТ - ға және мамандық тандауға «Толеранттылық» (төзімділік) деген негізгі тақырыбында психологиялық сабақ ата-аналарымен психология кабинетінде жүргізілді.

22-24.04.2024ж күні «Реніштен арылу» тренингі 5-сыныптарымен өткізілді. Аудиторияда өзін-өзі ұстау, алаңдаушылық сезімін төмендету, қобалжуының, үреймен қорқыншының алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында «Менің көңіл-күйім» жаттығуы. Табиғатпен таныстыру ойындары жүргізілді.

Мектеп бітіруші 11-сынып оқушылары мен ата-аналарына ҰБТ алдында педагогикалық – психологиялық бағытта қолдау, сүйемелдеу, жеке кеңестер беру жұмыстары әлі де жалғасауда.

Қорыта келе жылдық жоспардағы жұмыстардың барлығы талапқа сай атқарылды. Қосымша жұмыстар қажетіне қарай жалғасады.

Ұсыныс:

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілер мектеп педагог-психолог, әлеуметтік педагогпен пән мұғалімдеріне оқушылардың психологиялық және әлеуметтік жағдайлары мен отбасы жайлы толық ақпараттандырысын.
2. Бірлескен жұмыс жоспарын нақтылау дұрыс жолға қойылсын және психологиялық диагностика, түзету-дамыту жұмыстарына рұқсат етілсін.

Педагог-психолог:



Ж. Сүлейманова